

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ҚОҒАМЫ ӨНІМДІЛІК МИНИСТРЛІГІ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ АҚПАРАТ ҚОҒАМЫ ӨНІМДІЛІК БАСҚАРМАСЫ  
Ақтау қаласының Әкімдігі

14 ақпан 2018 ж.  
3472-1943-01-ШМ ЖӘНЕ БС 120140009714  
БЕРІЛІ

Маңғыстау облысы әкімдігінің  
2017 жылғы «22» 05  
№ 146 қаулысымен бекітілген



**Маңғыстау облысының білім басқармасының  
«Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
ЖАРҒЫСЫ**

Ұйымдық – құқықтық нысаны:

коммуналдық мемлекеттік мекеме

Мемлекеттік меншік түрі:

мемлекеттік

Орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы  
Маңғыстау облысы, 130001  
Ақтау қаласы, 3 б шағын аудан,  
52 ғимарат.

Ақтау қаласы  
2017жыл

## 1. Жалпы ережелер

1. Маңғыстау облысының білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеме түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы «22» 05 №196 қаулысымен құрылды.

4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы «Маңғыстау облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Маңғыстау облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы:

мемлекеттік тілде: Маңғыстау облысының білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Областной центр учебно-методического и дополнительного образования» Управления образования Мангистауской области.

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130001, Ақтау қаласы, 3 б шағын аудан, 52 ғимарат.

## 2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет каражатымен субсидиялық жауапты болады.



12. Коммуналдық мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

### **3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

13. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмысты жаңарту, қосымша білім берудің тәрбиелік құрауышын ұйымдастыру болып табылады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын үйлестіру, оқу-әдістемелік және тәрбие үрдісіне озық педагогикалық тәжірибелерді енгізу, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруды ұсыну және ақпарат болып табылады.

15. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында қоғамдық-саяси сананың, өзара құрметтің, көмектің қажеттілігін ескереді, ынтымақтастықты дамыта отырып, оқу-әдістемелік, тәрбиелік кешенді жұмыстарды жүргізудің тиімді әдістерін қолданады;

педагогтардың білім сапасын арттыру мақсатында талдау және сараптау жұмысын жүргізеді;

тәжірибелі педагогтардың іс-тәжірибесін зерттейді, келіседі, таратады;

оқушылардың бойында азаматтық-құқықтық сананы, мәдениетті, салауатты өмір салтын және қоғамдық өмірде белсенді қызметті жүргізуді қалыптастырады;

жеке тұлғаны дамытуға, кәсіп таңдауға, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен анықтау үшін жағдайлар жасайды;

оқу мен тәрбие жұмысында ата-аналар мен педагогтар арасында тығыз байланысты ұйымдастырады;

оқушылардың және педагогтардың шығармашылығын дамыту үшін семинарлар, конференциялар, конкурстар ұйымдастырады;

балалардың шығармашылық көрмелерін және балалардың мерекелік іс-шараларын ұйымдастырады;

эксперименттік, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тәжірибелерді жүргізу мақсатында өз базасында зертханалар құрады.

Коммуналдық мемлекеттік мекемеге жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім



басқармасының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының коммуналдық мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

#### **4. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару**

18. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасы жүзеге асырады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, коммуналдық мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 7) мемлекеттік органдар болып табылатын коммуналдық мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 8) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;
- 9) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;
- 11) коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді;
- 12) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша



коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады (жергілікті атқарушы орган коммуналдық мемлекеттік мекемеде қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды);

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

20. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы коммуналдық мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және коммуналдық мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен және олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

22. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

23. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметті жүзеге асыруы барысында коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады.
- 9) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен



өкілеттік аясын айқындайды;

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасымен жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

## **5. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі**

24. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

25. Коммуналдық мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета құралдары бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен коммуналдық мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру саласында коммуналдық мемлекеттік мекеме өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасы немесе жергілікті атқарушы органы бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырады.

28. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

29. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасы жүзеге асырады.

## **6. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі**

30. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

**7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

31. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органы Маңғыстау облысының білім басқармасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

**8. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

33. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

---























